

**Казталов аудандық мәслихатының 2023 жылғы 2 қарашадағы № 9-7 "Казталов ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 28-17 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 2 сәуірде № 7508-07 болып тіркелді

Казталов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Казталов аудандық мәслихатының "Казталов ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 2 қарашадағы № 9-7 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 7284-07 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Казталов ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің , оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2-тараудың 6-тармағының 31) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"31) Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына) бір рет 9 мамыр – Жеңіс күніне орай 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;"

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат төрағасы*

*С. Мулдашев*